

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

5B030300 - Құқық қорғау қызметі
мамандығы бойынша

«DR 3601 СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП- ТЕКСЕРУ»
пәні бойынша

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кредит көлемі 5

Астана , 2016

АЛҒЫ СӨЗ

- 1.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындарымен әзірленген және ұсынылған
- 2.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 79 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген
- 3.** Алғаш енгізілген
- 4.** Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қауылысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 58 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының үлгі оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

Түсіндірме жазба

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процесстік кодексі- қылмыстарды тез арада ашу, күдікті тұлғаларды жауапкершілікке тарту, қылмыстық істерді әділ тергеу, қылмыстық өндірісті барынша тездету мақсатын көздеп отыр. Бұл орайда, тағы бір қарастырылып отырған мәселе, бұл мейілінше қылмыстық процесті сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында жеңілдету жолдары көзделініп, бұрынғы тергеу барысында кездескен қылмыстық істі қозғау, айып тағу, айыптау қорытындысын бекіту сияқты сатыларды мүлдем күшін жою болып отыр.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәні Қазақстан Республикасының ІМ жоғарғы оқу орындарында тергеу –криминалистикалық мамандығы бойынша білім алатын курсанттардың оқытылатын профильді пәндерінің бірі.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәні Қазақстан Республикасының ІМ жоғарғы оқу орындарының жүйесінде оқытылатын оқу пәні болып есептеледі. «Құқық қорғау қызметі»- 5B030300 мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес күндізгі оқу факультетінің курсанттары осы көрсетілген пәнді міндетті түрде оқып үйренуі қажет.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» оқу пәні кәсіби маман ретінде қалыптасуының, жоғарғы оқу орнын және тәжірибені өткеннен кейін келешекте өзіне жүктелген функционалдық міндеттерін аз уақыт ішінде игеріп, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам лауазымына дайындау болып есептеледі.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» оқу пәнін үйрену 6 семестрде оқуды қарастырылып отыр. Семестрді оқу барысында курсанттар қылмыстық істі бір бекітілген фабула бойынша жан-жақты ұйымдастырушылық және тергеушінің қызметін, қылмыстық іс құжаттарын жүйелеу, тергеуді жоспарлау, болжамдарды тексеру, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қызметіндегі процесстік шешімдерді дұрыс және тез арада шеше білуді үйренуге бағытталған.

Курсанттар сабақ барысында тұлғаның жеке меншік мүлігін ұрлау фактісі бойынша қылмыстық істі тергеуді, жекеленген тергеу әрекеттерін жүргізуді ұйымдастыру мен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдайындайтын іскерлік құжаттарын оқып үйренеді. Бұл пәнді оқу барысында сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатыларын ескере отырып оқу үрдісінің реті құрылады.

Оқытылатын пәннің мақсаттық белгісі жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп тексеру бойынша құқық қорғау органдарының алдына қойған міндеттерді орындайтын 5B030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша курсанттарды дайындаудан тұрады.

Сонымен қатар, курсанттардың осы пәнді оқуда келешекте тергеу процесін ұйымдастырудың сапасын арттыруға және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінің дағдыларын әрі қарай дамытуға мүмкіндік туғызады.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін оқу кезінде курсанттарға теориялық танудың дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыра отырып, қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру механизмін меңгеру үшін құқықтық базисты топтастыратын жедел-ізвестіріру және әкімшілік құқық мамандығының курсанттарына қылмыстық және қылмыстық процестік құқығы, криминалистика, криминология, сот медицинасы, сот психиатриясы, психология, басқарудың ғылыми негіздері бойынша жеткілікті теориялық негіздерін білім алу барысында оқиды. Бұл пәнді оқу кезінде тергеу әрекеттерін жүргізу, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде қажетті процестік құжаттарды толтыру бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның ұйымдастырушылық қызметінің ретін анықтайды.

Типтік оқу бағдарламасының жүйесінде көрсетілген «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пән бойынша алға қойған мақсаттарды шешу үшін барлық қажетті сұрақтарды қамтиды.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін оқу, қылмыстық құқық бұзушылық бойынша қылмыстарды тергеуде және қажетті тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде заңның нормаларын дұрыс қолдана білуге мүмкіндік береді. Осыған орай курсанттар осы жерден алған білімдерін тәжірибе жүзінде, сонымен қоса ішкі істер органдарының бөліністерінде тағылымдама мен тәжірибені өткеннен кейін ғана бекітеді. Семестр кезінде курсанттар қылмыстық істің макетін дайындау арқылы емтихан тапсыруға рұқсат алуға бекітілген қылмыстық іс бойынша макеті негіз болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі қажетті және проблемалық сұрақтарды зерттеу, сонымен қатар ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдану, нормативтік құжаттармен арнайы әдебиеттермен жұмыс істей білу мақсатында дипломдық жұмыстарды зерттеуге ұсынылады.

Пәннің мазмұны

Кіріспе

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық кодексі қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді реттейді (6 тарау), бұл арада ол өзінің заңдылығы мен негізділігін қамтып отыр. Қазақстан Республикасы Қылмыстық процессуалдық кодексінің 7 бабының 41 тармағына сәйкес «сотқа дейінгі іс жүргізу- қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан бастап оны прокурор мәні бойынша қарау не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін сотқа жібергенге дейін іс бойынша іс жүргізу, сондай – ақ жекеше айыптаушының және қорғаушы тараптың қылмыстық іс бойынша материалдарда дайындауы» - деп көрсетілген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру- тергеуші мен анықтау органдарының қылмыстық –процестік заңның талаптарына сәйкес дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге, бағалауға, дәлелдемелерді тексеруге және оны қолдануға, қылмысты ашуға және тергеуге, шындыққа көзжеткізуге, заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуге, келтірілген зардаптың мөлшерін есептеп оны өтеуге бағытталған шараларды қолдануға, болған қылмыстың себептері мен жағдайларын анықтауға, жеке тұлғалардың заңды құрметтеуге бағытталған шаралар жүргізу.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін оқып үйретуде оқытушылар жаңа әдісті қолдану, оларды келешекте әртүрлі тергеулік жағдайларды шеше білу, кәсіби маман ретінде өзін көрсете білуі, оқу орынынан және тәжірибеден өткеннен кейін, аз уақыт ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымында өзінің функционалдық міндеттерін сапалы түрде орындауға бағытталған.

Әрбір тәжірибелік сабақтарда курсанттар тергеулік жағдайларға баға береді, талдау жасайды, қажетті процессуалдық шешімдерді қабылдайды, сонымен қатар сабақ соңында дайындаған процестік құжаттарды тексеріске тапсырады.

Сонымен қатар оқу үрдісінде курсанттардың өз бетінше процестік құжаттарды толтырып, бекітілген фабулаға сәйкес қылмыстық іс макеттерін жинақтап, келешектегі таңдаған мамандықтың ерекшеліктерін игереді.

Тақырыптық жоспар

Тақырып №1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы мінездемесі.

Тақырып №2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себептерінің заңдылығы мен негізділігін тексеру бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қызметі.

Тақырып №3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастапқы сатысындағы кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерін жоспарлау мен жүргізу.

Тақырып №4. Жәбірленушінің мәртебесін анықтаудың процессуалдық ретімен жәбірленушіден жауап алуды ұйымдастыру және жүргізу.

Тақырып №5. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңіндегі тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізу.

Тақырып №6. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында басқа да қатысушы тұлғаларды анықтаудағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам ұйымдастырушылық қызметі.

Тақырып №7. Тұлғаны күдікті ретінде танудың процессуалдық тәртібі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы күдіктіден жауап алуды ұйымдастыру.

Тақырып №8. Күдіктінің іс-әрекетін саралауын айқындау және күдіктіге оның іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жария ету тәртібі.

Тақырып №9. Бұлтартпау шарасын таңдауды ұйымдастыру және оны қолданудың процессуалдық тәртібі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қызметі.

Тақырып №10. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталу кезеңіндегі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қызметі.

Негізгі бөлім

№ 1 Тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы мінездемесі

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізудің жалпы жағдайы. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысандары: алдын ала тергеу, анықтау, хаттамалық нысан, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру тәртібі.

№ 2 Тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себептерінің заңдылығы мен негізділігін тексеру бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталу себебін процессуалдық рәсімдеу және айқындау бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу сатысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметінің мазмұны.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздарды қабылдаудың процессуалдық тәртібі.

Арыздың, хабарламаның, өз кінәсін мойындап келу, баянаттың құрылымы және сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталуының себептері. Арыздардың түрлері және олардың айырмашылықтары.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдаудың процессуалдық тәртібін реттейтін нормативтік құжаттардың қайнар көздері. Тіркеуді есепке алу құжаттары.

№ 3 Тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастапқы сатысындағы кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерін жоспарлау мен жүргізу.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның әрекетін жоспарлаудың мағанасы мен мақсаты. Процесттік әрекеттер қызметінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қолданылатын жоспарлаудың түрлері. Тергеу барысында жоспарлаудың мағынасы. Болжамдардың түрлері, олардың тергеуді жоспарлаумен ара қатынасы.

Оқиға болған жерге қарап тексеру жүргізудің ерекшеліктері. Заттар мен құжаттарға қарап тексеру жүргізудің процессуалдық тәртібі. Тергеулік қараудың түрлері және ерекшеліктері.

Оқиға болған жерге қарап тексеру жүргізудің жұмыс сатысы барысында тергеу әрекеттерінің алгоритмі. Оқиға болған жерге қарап тексеру жүргізудің соңғы сатысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі. Оқиға болған жерге қарау жүргізу хаттамасының құрылымы. Оқиға болған жерге қарау жүргізу хаттамасына сызба құрудың құрылымы және ерекшеліктері.

№4 Тақырып. Жәбірленушінің мәртебесін анықтаудың процессуалдық тәртібі, жәбірленушіден жауап алуды ұйымдастыру және жүргізу.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы жәбірленуші мәртебесінің процессуалдық мағынасы және түсінігі. Жәбірленуші және оның процессуалдық мәртебесі.

Жәбірленуші ретінде тану туралы шешім қабылдаудың процессуалдық тәртібі. Жауап алудың мағынасы. Жәбірленушіден жауап алудың процессуалдық тәртібі. Жауап алуды жүргізуге қойылатын талаптар.

Жауап алу нәтижесін тіркеу барысындағы процессуалдық үлгілердің ерекшеліктері.

Жәбірленушіден жауап алу барысында ақпараттарды алу және тіркеу ерекшеліктері, заңдылық кепілдігі.

№ 5 Тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңіндегі тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізу.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттері өндірісінің жалпы жағдайы.

Сараптама тағайындаудың процессуалдық тәртібі. Сараптама тағайындаумен және оның қорытындысымен күдіктіні таныстыру тәртібі.

Алу жүргізу негіздері. Алу жүргізудің процессуалдық тәртібі. Тұрғын үйден, онда тұратын тұлғалардың еркіне қарсы алу жүргізудің тәртібі. Табылған заттарды алу тәртібі. Алу жүргізу барысында ғылыми техникалық құралдарды пайдалану тәртібі.

Айғақ заттарға қарау жүргізу ерекшеліктері. Затты айғақты зат ретінде танудың негіздері, затты тану және оны қылмыстық іске тіркеу. Затты айғақ зат ретінде танудың тәртібі. Айғақ затты сақтауды қамтамасыз ету тәсілдері және тәртібі.

№ 6 Тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында басқа да қатысушы тұлғаларды анықтаудағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның ұйымдастырушылық қызметі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруге іске басқада қатысушылардың тізімі: куә, қорғаушы, аудармашы, сарапшы.

Куә сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысушы ретінде, оның құқығы және міндеттері. Куәдан жауап алудың ерекшеліктері және олардың нәтижелерін процессуалды бекіту.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі қорғаушы, оның құқықтары мен міндеттері. Қорғаушы тағайындаудың процессуалдық тәртібі және оның сотқа дейінгі тергеп- тексеруге қатысуы.

№ 7 Тақырып. Тұлғаны күдікті ретінде танудың процессуалдық тәртібі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдіктіден жауап алуды ұйымдастыру.

Күдікті сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысушы ретінде, оның құқықтары және міндеттері.

Күдіктінің жеке басын анықтау бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі. Тану нәтижелерін процессуалдық бекіту.

Күдіктіден жауап алудың жалпы тәртібі. Күдіктіден жауап алудың ерекшеліктері.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысушылар арасында беттестіру жүргізуді ұйымдастыру және процессуалдық тәртібі.

Жауапты оқиға орнында тексеру мен нақтылаудың процессуалдық тәртібі. Жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың мақсаты. Жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың нәтижелерін есепке алу.

№ 8 тақырып. Күдіктінің іс әрекетінің саралауын айқындау және күдіктіге оның іс - әрекетін саралау туралы қаулыны жария етудің процессуалдық тәртібі.

Күдіктінің іс-әрекетін саралауын анықтау үшін жеткілікті негізді анықтау бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау бойынша қаулының мазмұны және құрылымы.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау бойынша шығырылатын қаулы үшін негіз. Күдіктінің іс-әрекетін саралау бойынша қаулының құрылымы және мазмұны.

Күдіктінің іс- әрекетін саралау бойынша қаулыны тағайындау кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның дайындық жұмысы.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау бойынша оның қаулыға қол қоюға бас тартқан кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның іс-әрекеті.

№ 9 тақырып. Бұлтартпау шарасын тандауды ұйымдастыру және оны қолданудың процессуалдық тәртібі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

Қазақстан Республикасының ҚР Қылмыстық процессуалдық кодексіне сәйкес бұлтартпау шараларының жалпы сипаттамасы және түрлері. Бұлтартпау шараларының өзгеде процестік мәжбүрлеу шараларынан айырмашылығы. Бұлтартпау шараларының саралауы. Бас бостандығынан айыруына байланысты бұлтартпау шарасын басқада бұлтартпау шараларынан айырмашылығы.

Бұлтартпау шарасын тандау кезіндегі ескерілетін жағдайлар.

Бұлтартпау шарасын тағайындау туралы қаулының мазмұны және үлгісі, процессуалдық тәртібі.

«Күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасын тағайындаудың процессуалдық тәртібі.

№ 10 тақырып. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің аяқталуы кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқада заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән – жайларды жою жөніндегі ұйғарым.

Қылмыстық процеске қатысушыларың қылмыстық іс материалдарымен таныстыруына байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

Қылмыстық іс материалдарымен танысу аяқталған соң мәлімденген өтінішхаттарды қарау бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

Қылмыстық іс материалдарымен таныстыруғашақырудың және таныстырудың процессуалдық тәртібі.

Айыптау актісін құрастырудың ерекшелігі. Айыптау актісін құрастырудың тәсілі. Айыптау актісінің мағынасы. Заңға сәйкес айыптау актісінің құрылымымен қосымшасы.

Айыптау актісімен бірге қылмыстық істі прокурорға жіберу тәртібі.

Тәжірибелік (семинар) сабақтарының болжамды тақырыптары

1. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің жалпы сипаттамасы: түсінігі, мағынасы және жүйесі
2. Сотқа дейінгі тергеп – тексерудің басталуы
3. Сотқа дейінгі тергеп – тексерудің сипаттамасы
4. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп – тексеру барысында өкілеттіктері
5. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің нысаны
6. Жауап алу және беттестіру
7. Қарап – тексеру, куәландыру және эксгумация
8. Тану үшін көрсету
9. Тінту және алу
10. Сот сараптамалары
11. Үлгілерді алу
12. Сотқа тергеп – тексеру аяқталу нысандары

Диплом жұмыстарының болжамды тақырыптары

1. Тонау және қарақшылықпен шабуыл жасаудың сотқа дейінгі тергеп тексерудің ерекшелігі.
2. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде беттестіру жүргізудің процессуалдық ерекшеліктері.
3. Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша сотқа дейін тергеп тексеруде бейнебайланыс режимінде және қашықтықтан жауап алу.

4. Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік заңнамасы бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру.

5. Есі дұрыс емес деп танылған тұлғалардың сотқа дейінгі тергеп тексерудің ерекшелігі.

6. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде күдіктінің іс әрекетін саралауын айқындау және күдікті деп тану бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

7. Сотқа дейінгі тергеп тексеруді аяқтау кезіндегі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

8. Теріс қылықтар туралы істері бойынша ерекшеліктері.

9. Қасақана кісі өлтіруді сотқа дейінгі тергеп тексеру.

10. Қылмыстық құқық бұзушылықты сотқа дейінгі тергеп тексеруде тергеу судьясының рөлі.

11. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде тінту жүргізу бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

12. Есірткі заттарымен заңсыз айналасуына байланысты тергеп тексеру бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

13. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде тергеушінің шешіміне түскен өтініштерді және шағымдарды шешуді ұымдастыру

14. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп тексеру барысындағы өкілеттері.

15. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі қамтамасызету бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

16. Қазақстан Республикасының сот ісін жүргізу жүйесінде сотқа дейінгі тергеп тексеру нысаны.

17. Жедел – тергеу тобының сотқа дейін тергеп тексеруі.

18. Қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп тексерудегі пішіндеу.

19. Қылмыстық сот ісін жүргізулерге салада халықаралық қатынас.

20. Қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеруде процестік келісім болған.

21. Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында үлгілерді алу бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

22. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде тану жүргізу бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның іс әрекетінің алгоритімі.

23. Алдын ала тергеудің мерзімін ұзарту тәртібі және ұымдастыруы.

24. Қылмыстық құқық бұзушылықты сотқа дейінгі тергеп тексеруді ұымдастыру бойынша тергеу бөлім бастығының рөлі.

25. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде сараптамаларды тағайындау және олардың қорытындыларын дәлелдеме ретінде пайдалану.

26. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде дәлелдеме заттардың келешегін анықтау бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

27. Тергеуші – қылмыстық құдалау ретінде, оның процессуалдық жағдайы.

28. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп тексеруде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның ұйымдастыру жұмысы.

29. Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында дәлелдемені бағалау және тексеру бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

30. Шетел азаматтары және азаматығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықты сотқа дейінгі тергеп тексеру ерекшелігі.

31. Қылмысткердің жеке басын зерттеу бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі

32. Қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқада заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән – жайларды жою бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі

33. Сотқа дейінгі тергеп тексеруді тоқтату және қайта бастау бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі

34. Куәландыру жүргізу және оны ұйымдастыру бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

35. Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында күдіктіге қолданылатын бұлтартпау шарасын бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметі.

36. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасы бойынша сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы.

37. Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде кәмелетке толмаған күдіктіден жауап алу ерекшелігі.

38. Алдын ала тергеу мерзімін ұзарту тәртібі және ұйымдастыруы.

39. Сарапшы және маманды тергеп – тексеруге қатыстыру кезіндегі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

40. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде жасырын тергеу әрекеттерін қолдану бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметі.

Сабақтардың басқада түрі

1. Дәстүрлі семинар
2. «Тергеуші» іскер ойын.
3. Дөнгелек үстел.
4. Баяндамаларды дайындау.
5. Коллоквиумдар.
6. Жарыс әдісі.
7. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам іскер құжаттарды және басқада процессуалдық құжаттарды құрастыру.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасының Конституциясы.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 03 шілде 2014 жылғы № 226-V.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі 04 шілде 2014 жылғы № 231.

Қазақстан Республикасының 21 желтоқсан 1995 жылғы «Прокуратура» туралы заңы.

Қазақстан Республикасының 5 шілде 2000 жылғы «Қылмыстық процеске қатысушылар, мемлекет қорғауында» туралы заңы.

Қазақстан Республикасының 11 шілде 1997 жылғы «Қазақстан Республикасында тілдер» туралы заңы.

Қазақстан Республикасының 23 сәуір 2014 жылғы «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары» туралы заңы.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Жемқорлықпен күресу шараларын күшейту реті және лауазымды тұлғалардың және мемлекеттік органдардың қызметіндегі тәртібі» туралы 14 сәуір 2005 жылғы жарлығы;

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сонымен қатар Сотқа деиінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы «Республикалық бюджеттің есебінен, қорғаушы ретінде өкілі туралы, шығындардың орнын толтыру және қорғаушылардың заң жүзінде көмек көрсеткен төлеу туралы» 26 тамыз 1999 жылғы №1247 ережесі.

Қазақстан Республикасының ПМ «Ішкі істер органдарында уақытша ұстау изоляторының ішкі тәртібін бекіту туралы» 1 маусым 2002 жылғы № 385 Бұйрығы.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 76-шы отырысында «Қандай да түрде болмасын ұсталуға немесе жабуға жататын, барлық тұлғаларды қорғау қағидалары» 09 желтоқсан 1998 жылғы бекітілген.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстардан жәбірленуші болған тұлғаларға құқықтары және міндеттерін реттейтін заңнамаларды практикада қолдану туралы» 24 сәуір 1992 жылғы №2 Нормативтік құқықтық қаулысы.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Сот практикасында дәрігерлік мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы» 09 шілде 1999 жылғы № 8 Нормативтік құқықтық қаулысы.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Кәмелеттік жасқа толмағандарды қылмысқа еліктіру және қоғамға қайшы келетін істерді сот практикасында қолдану туралы» 11 сәуір 2002 жылғы № 6 нормативтік құқықтық қаулысы.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстық-процессуалдық заңамаларда, қорғануға құқығын реттейтінді практикада қолдану туралы» 06 желтоқсан 2002 жылғы № 6 Нормативтік құқықтық қаулысы.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір сұрақтары туралы» 26 қараша 2004 жылғы № 16 Нормативтік құқықтық қаулысы.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір сұрақтары туралы» 20 сәуір 2006 жылғы № 4 Нормативтік құқықтық қаулысы.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының « Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңамаларда, жеке адамның бостандығы және абройын, зорлыққа, қинауға, қатал немесе адамның абройын түсіретін басқада түрлеріне және жазалауға қарсы әрекет ету туралы» 28 желтоқсан 2009 жылғы № 7 Нормативтік құқықтық қаулысы.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Адам және азаматтардың қылмыстық өндірісте және сотта құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы » 25 маусым 2010 жылғы № 4 Нормативтік құқықтық қаулысы.

Құқықтық көмек көрсету туралы күші бар Халыхаралық шартар және үкіметаралық келісімдердің тізімі

Қазақстан Республикасы және Қырғыстан Республикасымен азаматтық және қылмыстық істер жөнінде өзаралық құқықтық көмек көрсету туралы шарт.

Қазақстан Республикасы және Пакистан Ислам Республикасымен азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзаралық құқықтық көмек көрсету туралы шарт (Алматы қ, 23 тамыз 1995ж.).

Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасымен беру туралы шарт(Алматы қ, 5 шілде 1996ж.).

Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасымен азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзаралық құқықтық көмек туралы шарт. (Пекин, 14 қантар 1993 ж.).

Қазақстан Республикасы және Монғолиямен қылмыс жасаған адамдарды, қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе үкімді орындау үшін беру туралы шарт (Улаанбатор қ, 22 қазан 1993ж.).

Қазақстан Республикасы және Грузиямен, азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзаралық құқықтық көмек көрсету туралы шарты (Тбилиси, 17 қыркүйек 1996 ж.).

Қазақстан Республикасы және Корея Халық-Демократиялық Республикасымен азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзаралық құқықтық көмек көрсету туралы шарт (Пхеньян қ, 7 сәуір 1997ж.).

Қазақстан Республикасы және Литва Республикасымен азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзаралық құқықтық көмек көрсету шарт (Вильнюс қ, 9 тамыз 1994ж.).

Қазақстан Республикасы және Монғолия азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзаралық құқықтық көрсету туралы шарт (Уланбатор қ, 22 қазан 1993ж.).

Қазақстан Республикасы және Индия Республикасымен қылмыстық істер бойынша өзаралық құқықтық көмек көрсету туралы шарт (Нью-Дели қ, 17 тамыз 1999ж.).

Қазақстан Республикасы және Корея Республикасымен қылмыстық істер бойынша өзаралық құқықтық көмек көрсету туралы шарты (Сеул, 13 қараша 2003 ж.).

Қазақстан Республикасы және Корея Республикасымен беру туралы келісім шарт (Сеул, 13 қараша 2003ж.).

Қазақстан Республикасы және Өзбекістан Республикасымен азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзаралық құқықтық көмек көрсету (Алматы қ, 2 маусым 1997ж.).

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қарым-қатынас және құқықтық көмек көрсету конвенциясы (Кишинев, 7 қазан 2002 ж.) – «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қарым-қатынас және құқықтық көмек көрсету конвенциясына ратификациялау туралы» 10 наурыз 2004 жылғы № 531 Қазақстан Республикасының Заңы.

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қарым-қатынас және құқықтық көмек көрсету конвенциясы (Минск, 22 қаңтар 1993ж.).

22 қаңтар 1993 жылғы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қарым-қатынас және құқықтық көмек көрсету конвенциясына хаттама (Москва, 28 наурыз 1997ж.).

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және Таджикистан Республикасының Бас прокуратурасымен құқықтық көмек және бірлесу туралы келісім шарт (Астана, 26 сәуір 2007ж.).

Қазақстан Республикасы және Біріккен Араб Әмірлігімен қылмыскерлерді беру туралы келісім шарт (Абу-Даби, 16 наурыз 2009 ж.).

Қазақстан Республикасы және Түрік Республикасымен қылмыстық істер бойынша және адамдарды беру туралы құқықтық көмек көрсету туралы келісім шарт (Алматы, 15 тамыз 1995 ж.).

Прокуратура органдарымен құқықтық көмек және бірлесу туралы келісім шарт (Алма-Ата қ, 8 қазан 1992ж.).

